**Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін бағалау жөніндегі жұмыстарды орындау кезіндегі пайдалану шығындарына арналған материалдар шығыстарының заттай нормаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 12 маусымдағы № 134-НҚ бұйрығы

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 23-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 70-бабының 3-тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін бағалау жөніндегі жұмыстарды орындау кезіндегі пайдалану шығындарына арналған материалдар шығыстарының заттай нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Жерасты сулары департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр* *Н. Нұржігітов*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және
ирригация министрінің
2025 жылғы 12 маусымдағы
№ 134-НҚ бұйрығымен
бекітілген

## Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін бағалау жөніндегі жұмыстарды орындау кезіндегі пайдалану шығындарына арналған материалдар шығыстарының заттай нормалары

| Р/с № | Заттай норманың атауы | Өлшем бірлігі | Бақылау ұңғыма-ларының элементтері | Сандық мәндегі нормасы | | Пайдаланылу мерзімі, жыл | Қолданылу саласы | Таралу саласы | Заттай нормалардың анықтамасы мен қолданылуын нақтылайтын сипаттамалары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ағымдағы жөндеу кезінде | күрделі жөндеу кезінде | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1-бөлім. Бақылау ұңғымаларына жөндеу жұмыстарын жүргізу кезіндегіматериалдар шығысының нормалары | | | | | | | | | |
| 1-кіші бөлім. Бақылау ұңғымасының жерүсті бөлігі | | | | | | | | | |
| 1 | Металл құбырлар | қума метр | қақпағы бар қорғаныш тыс | 1,0 | 1,0 | 14 | | | Диаметрі 219 миллиметр (бұдан әрі - мм), қалыңдығы 6 мм, жіксіз, болат 20с |
| 2 | Металл шеңбер | шаршы метр | | 0,038 | 0,038 | 14 | | | Диаметрі 219 мм, қалыңдығы 3 мм, болат 20с |
| 3 | Металл құбыр | қума метр | | 0,1 | 0,1 | 14 | | | Диаметрі 20 мм, қалыңдығы 2 мм, ұзындығы 100 мм, жіксіз, болат 20с |
| 4 | Металл жәмішсым | қума метр | | 0,12 | 0,12 | 14 | | | Диаметрі 10 мм, көміртекті болат Ст0-Ст3 |
| 5 | Металл бойынша | | | 0,069 | 0,069 | 5 | | | Жалпы мақсаттағы электродтар, аз көміртек |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | электродтар | килограмм | | | | | ағымдағы және күрделі жөндеу кезінде | Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі "Аймақтық гидрогео-логиялық-мелиоративтік орталық" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - АГГМО), Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі "Оңтүстік Қазақстан гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - | ті Ст0-Ст3 маркалы, диаметрі 4 мм |
| 6 | Металл құбырлар | қума метр | қақпағы бар басты | 1,0 | 1,0 | 14 | | | Диаметрі 76 мм, қалыңдығы 3,5 мм, жіксіз, болат 20с |
| 7 | Металл құбырлар | қума метр | | 0,15 | 0,15 | 14 | | | Диаметрі 89 мм, қалыңдығы 3,5 мм, болат 20с |
| 8 | Металл шеңбер | шаршы метр | | 0,006 | 0,006 | 14 | | | Диаметрі 89 мм, қалыңдығы 2 мм, болат 20с |
| 9 | Металл құбырлар | қума метр | | 0,03 | 0,03 | 14 | | | Диаметрі 40 мм, қалыңдығы 3 мм, жіксіз, болат 20с |
| 10 | М14 бұрандасы | жиынтық | | 1,0 | 1,0 | 14 | | | Үшқырлы басты, ұзындығы 40 мм, жоғары көміртекті болат сым |
| 11 | Металл бойынша электродтар | килограмм | | 0,30 | 0,30 | 5 | | | Жалпы мақсаттағы электродтар, аз көміртекті Ст0-Ст3 маркалы, диаметрі 4 мм |
| 12 | | қума метр | | 4,1 | 8,2 | 14 | | | 45х45 мм, қалыңдығы 4 мм, |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Металл бұрыштық | | қорғаныш қоршау | | | | | ОҚГГМЭ), Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі "Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - ҚГГМЭ) | болат 3 сп5 |
| 13 | Металл бойынша электродтар | килограмм | | 0,27 | 0,54 | 5 | | | Жалпы мақсаттағы электродтар, аз көміртекті Ст0-Ст3 маркалы, диаметрі 4 мм |
| 14 | Цемент | килограмм | бетонды негіз | 74 | 74 | 2 | | | Портланд М-400 |
| 15 | Құмды-қиыршықтасты қоспа | текше метр | | 0,37 | 0,37 | 14 | | | Ұсақ түйірлі өзен құмы, еленгеннен қалған қиыршық тасы 20 мм |
| 16 | Араланған материал | текше метр | | 0,06 | 0,06 | 5 | | | Қылқан жапырақты ағаштан кесілген тақта, қалыңдығы 20 мм |
| 17 | Болат шегелер | килограмм | | 0,4 | 0,4 | 5 | | | Ұзындығы 100 мм, диаметрі 4 мм, болат Ст3 |
| 18 | Бентонитті саз | текше метр | | 0,12 | 0,12 | 14 | | | Сілтілі жердегі |
| 19 | Бояу | килограмм | қақпағы бар қорғаныш тыс | 0,1 | 0,1 | 3 | | | Синтетикалық, суға төзімді |
| | | | қоршау | 0,2 | 0,4 | | | | |
| | | | ұңғыма басы | 0,03 | 0,03 | | | | |
| | | | ұңғыма басының қақпағы | 0,007 | 0,007 | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 20 | Еріткіш | бір килограмм бояуға литр | жерүсті элементтері | 0,3 | 0,3 | 3 | | | Р - 4 хлорланған полимерлер негізінде |
| 2-кіші бөлім. Бақылау ұңғымасының жерасты элементтері | | | | | | | | | |
| 21 | Металл құбырлар | қума метр | шеген құбыры | 5,0 | 10,0 | 14 | ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізу кезінде | АГГМО, ОҚГГМЭ, ҚГГМЭ | Диаметрі 76 мм, қалыңдығы 3,5 мм, жіксіз, болат 20с |
| 22 | Пластик құбырлар | қума метр | | - | 10,0 | 20 | | | Диаметрі 100 мм, полипропилен |
| 23 | Металл бойынша электродтар | килограмм | | 0,36 | - | 5 | | | Жалпы мақсаттағы электродтар, аз көміртекті Ст0-Ст3 маркалы, диаметрі 4 мм |
| 24 | Металл құбырлар | қума метр | сүзгіш | 1,0 | - | 14 | | | Тесілген, диаметрі 76 мм, қалыңдығы 3,5 мм, жіксіз, болат 20с |
| 25 | Тор | шаршы метр | | 0,7 | 0,7 | 14 | | | Тоттанбайтын болат, мырышталған, жез |
| 26 | Болат сым | қума метр | | 12,0 | 12,0 | 14 | | | Диаметрі 0,5 мм, мырышталған |
| 27 | Металл бойынша электродтар | килограмм | | 0,2 | - | 5 | | | Жалпы мақсаттағы электродтар, аз көміртекті Ст0-Ст3 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | маркалы, диаметрі 4 мм |
| 2-бөлім. Гидрометриялық көпіршелерге жөндеу жұмыстарын жүргізу кезіндегі материалдар шығысының нормалары | | | | | | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| Р/с № | Заттай норманың атауы | Өлшем бірлігі | Бақылау ұңғыма-ларының элементтері | Сандық мәндегі нормасы | | Пайдаланылу мерзімі, жыл | Қолданылу саласы | Таралу саласы | Заттай нормалардың анықтамасы мен қолданылуын нақтылайтын сипаттамалары |
| | | | | ағымдағы жөндеу кезінде | күрделі жөндеу кезінде | | | | |
| 28 | Металл жайма | шаршы метр | төсем | 0,16 | 0,4 | 14 | | | Бұдырлы, қалыңдығы 3 мм, болат 3Сп |
| 29 | Металл бұрыштық | қума метр | | 0,8 | 2,1 | 14 | | | 45х45 мм, қалыңдығы 4 мм, болат 3сп5 |
| 30 | Металл бойынша электродтар | килограмм | | 0,03 | 0,06 | 5 | | | 45х45, Жалпы мақсаттағы электродтар, аз көміртекті Ст0-Ст3 маркалы, диаметрі 4 мм |
| 31 | Бояу | килограмм | | 0,68 | 0,68 | 3 | | | Синтетикалық, суға төзімді |
| 32 | Еріткіш | бір килограмм бояуға литр | | 0,3 | 0,3 | 3 | | | Р-4 хлорланған полимерлер негізінде |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 33 | Металл бұрыштық | қума метр | фермалар элементтері (арқалықтар, тіреулер, қиғаш тіреулер, тіреуіштер) | 1,6 | 4,0 | 14 | Ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізу кезінде | АГГМО, ОҚГГМЭ, ҚГГМЭ | 45x45 мм, қалыңдығы 4 мм, болат 3сп5 |
| 34 | Металл фланец | килограмм | | 1,3 | 3,2 | 14 | | | Үшбұрыш пішінді 5x5, қалыңдығы 3 мм, болат Ст3 |
| 35 | Металл бойынша электродтар | килограмм | | 0,08 | 0,2 | 5 | | | Жалпы мақсаттағы электродтар, аз көміртекті Ст0-Ст3 маркалы, диаметрі 4 мм |
| 36 | Бояу | килограмм | | 0,08 | 0,19 | 3 | | | Синтетикалық, суға төзімді |
| 37 | Еріткіш | бір килограмм бояуға литр | | 0,3 | 0,3 | 3 | | | Р-4 хлорланған полимерлер негізінде |
| 38 | Біртұтас бетон | текше метр | жағалық тіреулер | 3,13 | - | 14 | | | Бетон сыныбы кемінде В-15 |
| 39 | Цемент | килограмм | | 195 | - | 2 | | | Портланд М-400 |
| 40 | Құмды-қиыршықтасты қоспа | текше метр | | 0,48 | - | 14 | | | Ұсақ түйірлі өзен құмы, еленгеннен қалған қиыршықтасы 20 мм |

Ескертпелер:

1. Бақылау ұңғымаларын және гидрометриялық көпіршелерді ағымдағы жөндеу кезінде жөндеу кезеңділігі пайдаланылатын материалдардың түрлері бойынша белгіленеді: металл бұйымдар – 3 жыл, бетон – 5 жыл.

2. Бақылау ұңғымаларын және гидрометриялық көпіршелерді күрделі жөндеу кезінде жөндеу кезеңділігі 14 жылды құрайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК